

DOI 10.58880/DKU.2024.04.012

МРНТИ 06.73.65

ӘОЖ 368

JEL G2

## ӘЛЕМДІК ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАР ШАРТЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫң АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Р.А. Абдыева

«Тұран» университеті

Алматы қ., Қазақстан

### Аннотация

Қазір әлемдік экономика әртүрлі тәуекелдерге душар болып отыр, олар көп жағдайда маңызды жоғалтуларға әкеп соғуда. Келенсіз апаттардың нәтижесінде, жазатайым оқиғалар тарарапынан, үшінші жақ әрекетінен, нарық коньюктурасының өзгерісінен және т.б. жағдайларда туындастын экономикалық шығындар бірнеше миллиондаған тенгелерді жоғалтуға әкеп соғуда. Бұғінгі таңда барлық шаруашылық салаларының нарықтық қатынастарға өтуі сақтандыру қызметінің нарықтық қатынастардағы орнын жоғары деңгейге көтеріп отыр. Сақтандыру экономиканың маңызды, бірақ азырақ зерттелген саласы болып табылады. Сол себепті жұмыстың негізгі мақсаты – сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайын талдай отырып, еліміздегі сақтандыру саласының ұйымдастырылу механизмін зерделей, артықшылықтарын анықтау. Осы мақсатқа сай, негізгі міндет - бәсекелестік ортадағы сақтандыру қаржысының әлеуметтік-экономикалық мәні мен оның жіктемесін нақтылау. Зерттеу материалдарында ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының құқықтық құжаттары, шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектері қолданылды. Қолданылған зерттеу әдістері салыстырмалы талдау, фактілерді статистикалық топтау, талдау және синтез. Жүргізілген зерттеу нәтижесі, сақтандыру нарығының өсу серпініне қарамастан, экономикада және халықтың өмірінде сақтандыру нарығы елеулі орынға ие болған жоқ. Қазіргі таңда көптеген сақтандыру ұйымдарында қызметтер тізімі шектеулі болып қалуда.

**Түйінді сөздер:** сақтандыру, сақтандыру сыйақылары, сақтандыру нарығы, сақтандыру компаниялары.

### Кіріспе

Азаматтық қофам дамуының қазіргі жағдайында кез келген елде сақтандыру өте маңызды орын алады. Бұл экономикалық тұрақтылықты, қауіпсіздік пен кәсіпкерліктің дамуының үздіксіздігін, табиғи және басқа да тәуекелдерден тиімді қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік саясатты жүзеге асыратын маңызды және қажетті құрал екені сөзсіз. ҚР Сақтандыру нарығы жиырма жылдан астам даму тарихына ие: оның жаңа құрылған, тәуелсіз ұлттық сақтандыру нарығынан бастап, қазіргі таңда қалыптасқан, әлемдік интеграцияға енү мүмкіндігімен артықшылықтары бар және толыққанды қалыптасқан. Мұндай стратегия шегінде мақсатты және тұрақты түрде болып жатқан интеграция үдерісін зерттеп отыру - өзекті мәселеге айналуда. Айта кететін жайт, нарықтық қатынастар дамығын елдерде сақтандыру қызметтерінің түрі 500-ге жетеді, ал Қазақстанда ол тек қана 40. Халық табыстылығының төмен деңгейімен байланысты, жеке сақтандыру мен мұліктік сақтандырудың көптеген түрлері аз дамыған. Бұдан басқа, Қазақстанның әртүрлі сақтандыру нарығының сегменттері, дамудың біртұтастығымен сипатталмайды. Ең дамыған деп, міндетті сақтандыруды, барлық оның түрімен қоса айтуға болады. Одан кейін мұліктік сақтандыру, ал

дамудың ең соңғы сатысында тұрған – «өмірді сақтандыру». Мақалада қазіргі таңдағы еліміздегі сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы қарастырылады.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалдарында ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының құқықтық құжаттары қолданылды. Зерттеу шеңберінде шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектері, сондай-ақ әртүрлі елдердегі «сақтандыру» ұғымын анықтау мақсатында ұсынылған теориялық анықтамалары интернет-ресурстарын зерттеу арқылы жинақталған мақаланың негізгі дереккөздері болды.

Негізгі зерттеу әдістерінің бірі ретінде салыстырмалы талдау, фактілерді статистикалық топтау, талдау және синтез қолданылды. Бұл жекелеген сақтандыру сегменттерінде бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

## Негізгі ережелер

Нарықтық қатынастарға көшу, әртүрлі меншік нысандарына негізделген көп құрылымды экономикалық жүйенің қалыптасуы, шаруашылық жүргізуінің субъектілердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің кепілдерінің бірі ретінде сақтандыруды экономикалық салаға белсенді түрде енгізуінің обьективті алғышарттарын жасайды. Алайда, бұл үшін еліміздің осы саласындағы зерттелген тәжірибе экономикалық және заңнамалық тұрғыдан дамудың жеткіліксіз деңгейін көрсетеді. Еліміздегі сақтандыру сегментін толықтай талдау - кемшіліктерді анықтап, жалпы Қазақстандағы сақтандыру нарығын реттеу мен әрі қарай дамуы үшін қажет шаралар тізімін жасауға өз септігін тигізеді.

## Әдебиетке шолу

Қазіргі танда, сақтандыру қызметінің сипаттамасына байланысты бірнеше тұрлери анықталған, алайда оның қайсысы ең маңызды және тиімді екенін айтуда қын, себебі әр азамат өзінің қызмет түріне ең қолайлысын өзі таңдайды. Дегенмен, міндетті сақтандыруды ерекше атап өтпеу мүмкін емес, өйткені ол жалпы сақтандыру қызметінің дамуына және кеңеюіне серпін береді. Авторлар Tengyu Zhao, Ruimin Pei, Jiaofeng Pan міндетті сақтандыруды толығырақ зерттеп, сақтандырудың осы түріне сұраныстың тікелей тәуелді факторларды анықтайды. Зерттеу нәтижелері бойынша сақтандырудың бұл түріне әсер ететін негізгі факторлар: сақтандыру обьектісінің орналасқан жері, табиғи жағдайлар, халықтың табысы болды. [1]

Авторлар Tengyu Zhao, Ruimin Pei, Jiaofeng Pan міндетті сақтандыруды толығырақ зерттеп, сақтандырудың осы түріне сұраныстың тікелей тәуелді факторларды анықтайды. Зерттеу нәтижелері бойынша сақтандырудың бұл түріне әсер ететін негізгі факторлар: сақтандыру обьектісінің орналасқан жері, табиғи жағдайлар, халықтың табысы болды. [1]

Сақтандыру саласын терең зерттеумен танымал орыс заң мектебінің көрнекті өкілі, профессор В.И. Серебровский сақтандырудың негізгі мақсаты кездейсоқ қажеттілікті қанағаттандыру екенін атап көрсетеді. Іс жүзінде сақтандыру тәжірибесі көрсеткендей, сақтандыру ең алдымен азаматтар мен занды тұлғалардың белгілі бір кездейсоқ жағдайлар туындаған кезде туындастын белгілі бір мүліктік немесе ақшалай қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған экономикалық процесс ретінде тұжырымдама жасайды. [3]

Сондай-ақ А.Манес сақтандыру көптеген адамдардың өзара журналары арқылы кездейсоқ пайда болатын мүліктік қажеттіліктерді жабу үшін қажет деп есептеді. Дәл осы жағдай сақтандыру доктринасында сақтандыру қоры теориясының пайда болуына әкелді. [4]

Ресейлік сақтандыру зерттеушілері арасында бұл мектептің өкілдері И.И. Степанова, К.Г. Воблого, В.К. Райхера, Қ.А. Грейв, Л.А. Лунца сиакты зерттеуші ғалымдардың негізгі

ұстанымы мүдделі тұлғалардың түпкілікті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті арнайы қор құруға мүмкіндік беретін сыйақы принципі болды. Атап айтқанда, К.А. Грейв және Л.А. Лунц, сақтандыруды, табиғи апаттар, жазатайым оқиғалар кезінде халық шаруашылығындағы шығындар қалпына келтірілетін ең алдымен материалдық немесе ақшалай қорлар ресурстарын құру жөніндегі шаралар кешені ретінде түсіндірді.

### **Нәтижелер мен талқылау**


Жүргізлген зерттеулер нәтижесінде, сақтандыру компанияларының жұмыс аренасы, яғни сақтандыру нарығы негізгі даму көрсеткіштері қарастырылды. Сақтандыру ұйымдарының саны, олардың активтерінің жиынтығы сақтандыру нарығының өсуінің маңызды көрсеткіштері болып келеді. Сақтандыру нарығының және ондағы сақтандыру компанияларының 2020-2022жж. аралығында даму динамикасын қарастырайық.

2020ж. 1 қантардағы жағдайға сәйкес Қазақстанның сақтандыру нарығында 28 сақтандыру ұйымы (оның ішінде 9 өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 58 актуарий лицензияланған қызметті жүзеге асыруда (кесте 1).

Кесте 1 - Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Көрсеткіштер	2020ж	2021ж.	2022ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны	28	27	27
Оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша	9	9	9
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	10	9
Актуарийлердің саны	58	60	57


Ескертпе - [11] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.



Сурет 1- Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы қатысушылардың динамикасы. Ескертпе - [11] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметтері бойынша, 2022ж. сақтандыру активтерінің көлемі 2021ж. салыстырғанда 11,53 %-ға өсіп, 2040 млрд.тенгені құрап отыр. Бұл жердегі негізгі өсім жалпы сақтандыру саасы бойынша да және өмірді сақтандыру саласы бойыншада болып отыр.

Жалпы активтер динамикасына соңғы 5 жылға шолу жасайтын болсақ, жылдан жылға өсу процесін байқауға болады.



Сурет 2- Активтердің динамикасы (млрд тенге).  
Ескертпе - [11] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Сақтандыру үйымдарымен 2022ж. тікелей сақтандыру келісім-шарты бойынша, қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы үлесі 642,3 млрд.тенгені құрады, ол 2021ж. жиналған сыйақылардан 12,9%-ға артық. (Кесте-2).

2-кестедегі мәліметтерді қарастырсақ, 2023ж. міндетті сақтандыру бойынша, сақтандыру сыйақылары 2020ж. көрсеткіштен 30,5%-ға жоғары. Ерікті жеке сақтандыру бойынша өсім – 51,5%, ал ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 56,63% құрайды.

Тұрғындар табыстарының өсуі сақтандыру өніміне, оның ішінде ерікті сақтандыру түрлеріне ішкі сұраныстың өсуінің негізгі факторы болды.

Кесте 2 - Қазақстан Республикасындағы сақтандыру сыйақылардың түсіуі (млн.тг)

Көрсеткіштер	2020ж.		2021ж.		2022ж	
	сомма	%	сомма	%	сомма	%
Барлығы, оның ішінде:	415 727	100	569 148	100	642 329	100
- Міндетті сақтандыру бойынша	90 017	21,7	108 080	19,0	140 000	21,8
- Ерікті жеке сақтандыру бойынша	154 514	37,2	245 170	43,1	234 177	36,5
- Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша	171 196	41,2	215 898	37,9	268 152	41,7

Ескертпе - [11] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.


Бірақ та жетекші орынды мүліктік сақтандыру алуда. Сақтандыру үйымдарының портфелінде мүліктік сақтандыру түрі бойынша келісім-шарттың көптілігі, көп сақтанушы клиенттердің заңды тұлға болуымен түсіндіріледі. Сақтандыру сыйлықақыларының 2022ж. түсімі бойынша, келесілерді ерекшелеге болады:

- міндетті сақтандыру бойынша – көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру 12,1% (77 501 млн.тг), қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру 8,1% (52 256 млн.тг), тасымалдаушының жолаушы алдындағы АҚЖ сақтандыру 0,3% (2 019 млн.тг), және қалғаны- 1,3% (8 223млн.тг);

- ерікті жеке сақтандыру бойынша - жазатайым жағдайлардан сақтандыру 4,3% (27 718млн.тг), ауырған жағдайлардан сақтандыру 6,6% (42 502млн.тг), өмірді сақтандру 21,1% (135 249млн.тг), аннуитетті сақтандыру 4,5% (28 707млн.тг);

- ерікті мұліктік сақтандыру бойынша – өзге қаржы шығындарын сақтандыру 2,1% (13 222млн.тг), мұлікті және жүктөрді сақтандыру – 23,5% (152 340млн.тг), АҚЖ-ті сақтандыру 6% (38 383млн.тг).

Жоғарыдағы мәліметтерден, сақтандыру салалары бойынша түскен мәліметтерді қарастырдық, ал енді салалар бойынша (life,non-life) жинақталған сақтандыру сыйақыларының динамикасын қарастырасқ.



Сурет 3- Сақтандыру сыйақыларының динамикасы (млрд теңге).

Ескертпе - [11] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

2022 жылғы жағдай бойынша сақтандыру сыйақыларының алдыңғы 2021 жылмен салыстырғанда төмендегенін байқауға болады. Негізгі өзгеріс ерікті сақтандыру саласын қамтып отыр, төмендеу пайыздық үлесі шамамен 22 %. Бұл өзгерістің басты себебі ретінде елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауы себеп болып отыр деп тұжырымдауға болады.

Сақтандыру үйымының тиімді не тиімсіз қызмет етуі, макроденгейде үйымдардың нарықта қызмет етуіне елеулі әсерін тигізеді. Оны келесідей мысалдармен сипаттауға болады:

Біріншіден, инвестициялық қызмет, сақтандыру резервтерінің жеткілікті қамтамасыз етілуінің құрылуды арқылы сақтандыру қызметінің ұсынылу мүмкіндігін көрсетеді. Бұл сақтандырудың инвестициялық табыстан түскен табысы, тарифтердің құрудада ескерілетін (өмірді сақтандыру) сақтандыру түрлеріне қатысты немесе сақтандру резерві қалыптасатын ақша бірліктерінің ерекшелігіне қатысты.

Екіншіден, жақсы үйымдастырылған инвестициялық қызмет ұсынылатын қызметтердің сапасын қамтамасыз етеді, яғни сақтандырушының нарықтық жағдайын да, себебі ол келесілерге ықпал етеді:

- өмірді сақтандыру шарттары бойынша ұсынылатын табыс немесе тәуекелді сақтандыру шарттары бойынша инфляциядан қорғану мүмкіндігімен анықталатын, сақтандыру өнімінің өзіндік шарттарына;

- сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жылдамдығымен сипатталатын, сақтандырушының іс жүзінде міндеттемелерін орындауына;

Үшіншіден, инвестициялау сақтандыру үйымдарына өз бизнесін дамыту және жеке басқаруға мүмкіндік береді. Бұл аспект келесімен шарттасады: сақтандыру резервтерін инвестициялау тарапынан, минималды жарғылық капиталдың бірте- бірте өсуін үлкейту жайындағы регламенттің орындалуы, сыртқы қарыз қаражаттарын тарпай-ақ жүзеге асады.

Ал макроденгейде сақтандыру үйымдарының инвестициялық қызметтің сәйкес мемлекеттік реттелуі – орта мерзімді және ұзак мерзімді кезеңдерде үлкен экономикалық

пайда беретін, сақтандыру операцияларына бір реттік салық салуға қарағанда, ұзақ мерзімді инвестициялардың көзі болып табылады.

Жалпы жасалған талдама, Қазақстанның сақтандыру нарығы басқа дамығын елдердің тәжірибесімен салыстырған да, әлі де жас екеніне көз жеткізеді. Бірақ та ол Қазақстанның сақтандыру нарығына тиесілі даму ерекшеліктерін сипаттайды:

- ұсынылатын сақтандыру өнімдерінің аздығы (35-40 арасында, барлық салаға)
- нарықтың шоғырлануының жоғары деңгейі (10 ірі сақтандыру ұйымдарының активтері 60,8%)
  - корпоративті сақтандырудады басымдылық;
  - жинақтық сақтандыру түрлерінің дамымауы.

## Қорытынды

Қорытындылай келе, келсідей тұжырымдамалар жасауға болады:

Біріншіден, Қазақстанда әдеттегі сипатқа ие, табиғи төтенше жағдайлардан сақтандыру мен техногендік тәуекелдерді сақтандыру секілді, кәсіпкерлерге, қаржылық және несиелік міндеттемелерді орындалмаған жағдайда, контрагенттердің төлемқабілетсіздігі жағдайында, валюталық курсың ауытқуы жағдайында қажет сақтандыру түрлері керек. Өмірді қорғау саласындағы, деңсаулықты, еңбекке қабілеттілік пен азаматтардың әлауқаттылығын сақтандыру – тікелей азаматтарың экономикалық мұдделеріне байланысты және де мүліктік, жеке және әлеуметтік сақтандырыу арқылы жүзеге асады.

Екіншіден, жалпы алғанда сақтандыру нарығының өсу серпініне қарамастан, экономикада және халықтың өмірінде сақтандыру нарығы елеулі орынға ие болған жоқ. Көптеген сақтандыру ұйымдарында қызметтер тізімі шектеулі болып қалуда. Сақтандыру ұйымдарының мүмкіндіктері экономиканың және қаржылық қызмет нарығының өсуші талаптарына сай жауп бермейді.

Үшіншіден, қазіргі заманға сай қазақстанның сақтандыру ғылымына отандық сақтандыру нарығының қалыптасуы мен дамуы мәселелері шешілмеген міндет болып тұр. Отандық нарық өзінің даму барысында, баламалы ұйымдарға жол ашатын, монополиядан арылуда. Сақтандыру нарығында, зансыз шараларға жол жоқ және адал бәсекелестік орнатылуда деп сенімділікпен айтуға болады.

## ОДЕБИЕТТЕР

1. Zhao, T., Pei, R., Pan, J., 2021. The evolution and determinants of Chinese property insurance companies' profitability: A DEA-based perspective. *J. Manag. Sci. Eng.* 6, 449–466. <https://doi.org/10.1016/j.jmse.2021.09.005>
2. Chen, B., 2012. The Review and Analysis of Compulsory Insurance. <https://doi.org/10.13140/2.1.3751.2964>
3. Серебровский В.И. «Избранные труды по наследственному и страховому праву» Изд. 2-е, испр. М.: <Статут>, 2003. - 558 с.
4. Манэс, Альфред. Основы страхового дела : Сокр. пер. с нем. / А. Манэс. - Москва : Изд. центр СО "Анкил", переиздание 2015. - 112 с.;
5. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылдың 18 желтоқсанында шыққан №126-II Заны.
6. Распределение прямых премий по страхованию жизни и здоровья, имущества и от несчастных случаев по всему миру с 2008 по 2022 год URL: [Global insurance premiums by segment 2008-2022 | Statista \(turropages.org\)](https://www.turropages.org/statista/global-insurance-premiums-by-segment-2008-2022/)

7. Глобальный рынок страхования в 2021-2022 году. Прогнозы и итоги URL: [Глобальный рынок страхования в 2021-2022 году. Прогнозы и итоги - Sopos \(einsur.ru\)](#)
8. D. Garcia and M. Tsur, Information design in competitive insurance markets, Journal of Economic Theory, 105160, doi: <https://doi.org/10.1016/j.jet.2020.105160>.
9. Брежнева Оксана Венеровна, and Мухаметшина Руфина Газинуровна. "СТРАХОВАНИЕ МАЛОГО БИЗНЕСА" E-Scio, no. 11 (62), 2021, pp. 582-586.
10. Брызгалов Д.В. Теоретические подходы к страхованию жизни: проблемы и пути их преодоления // Финансовая аналитика: проблемы и решения. 2021. №4 (346). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-podhody-k-strahovaniyu-zhizni-problemy-i-puti-ih-preodoleniya>.
11. Официальный сайт РК по регулированию и развитию финансового рынка. <https://www.gov.kz/memlekет/entities/ardfm/activities/847?lang=ru>

## REFERENCES

1. Zhao, T., Pei, R., Pan, J., 2021. The evolution and determinants of Chinese property insurance companies' profitability: A DEA-based perspective. J. Manag. Sci. Eng. 6, 449–466. <https://doi.org/10.1016/j.jmse.2021.09.005>
2. Chen, B., 2012. The Review and Analysis of Compulsory Insurance. <https://doi.org/10.13140/2.1.3751.2964>
3. Serebrovskij V.I. «Izbrannye trudy po nasledstvennomu i strahovomu pravu» Izd. 2-e, ispr. M.: <Statut>, 2003. - 558 s.
4. Manjes, Al'fred. Osnovy strahovogo dela : Sokr. per. s nem. / A. Manjes. - Moskva : Izd. centr SO "Ankil", pereizdanie 2015. - 112 s.;
5. Qazaqstan Respublikasynyň «Saqtandyru qyzmeti turaly» 2000 jyldyň 18 jeltoqsanynda şyqqan №126-II Zaňy.
6. Raspredelenie prjamyh premij po strahovaniju zhizni i zedorov'ja, imushhestva i ot neschastnyh sluchaev po vsemu miru s 2008 po 2022 god URL: Global insurance premiums by segment 2008-2022 | Statista (turbopages.org)
7. Global'nyj rynok strahovanija v 2021-2022 godu. Prognozy i itogi URL: Global'nyj rynok strahovanija v 2021-2022 godu. Prognozy i itogi - Sopos (einsur.ru)
8. D. Garcia and M. Tsur, Information design in competitive insurance markets, Journal of Economic Theory, 105160, doi: <https://doi.org/10.1016/j.jet.2020.105160>.
9. Brezhneva Oksana Venerovna, and Muhametshina Rufina Gazinurovna. "STRAHOVANIE MALOGO BIZNESА" E-Scio, no. 11 (62), 2021, pp. 582-586.
10. Bryzgalov D.V. Teoreticheskie podhody k strahovaniju zhizni: problemy i puti ih preodolenija // Finansovaja analitika: problemy i reshenija. 2021. №4 (346). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-podhody-k-strahovaniyu-zhizni-problemy-i-puti-ih-preodoleniya>.
11. Oficial'nyj sajt RK po regulirovaniyu i razvitiyu finansovogo rynka. <https://www.gov.kz/memlekет/entities/ardfm/activities/847?lang=ru>

## РЕЗЮМЕ

### НЫНЕШНЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ СТРАХОВОГО РЫНКА КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ НОВЫХ ГЛОБАЛЬНЫХ ТЕНДЕНЦИЙ

Р.А. Абдыева

Университет «Туран»  
г. Алматы, Казахстан

Сегодня мировая экономика сталкивается с различными рисками, которые в большинстве случаев приводят к значительным потерям. В результате неблагоприятных происшествий, аварий, действий третьих лиц, изменения конъюнктуры рынка и т.п. экономические потери, вызванные сложившейся ситуацией, приводят к потере нескольких миллионов тенге. Сегодня переход всех отраслей экономики к рыночным отношениям поднимает положение страховых услуг в рыночных отношениях на более высокий уровень. Страхование – важная, но менее изученная область экономики. Поэтому основная цель работы – проанализировать текущую ситуацию страхового рынка, изучить механизм организации страховой отрасли в стране и определить ее преимущества. В соответствии с этой целью основной задачей является уточнение социально-экономического значения страхового финансирования в конкурентной среде и его классификация. В материалах исследования использованы научные труды ученых, нормативно-правовые документы Республики Казахстан, научные труды зарубежных и отечественных авторов. Использованные методы исследования: сравнительный анализ, статистическая группировка фактов, анализ и синтез. В результате проведенного исследования, несмотря на динамику роста страхового рынка, страховой рынок не имеет значимого места в экономике и жизни народа. В настоящее время перечень услуг во многих страховых организациях остается ограниченным.

**Ключевые слова:** страхование, страховые премии, страховой рынок, страховые компании.

## SUMMARY

### THE CURRENT SITUATION OF THE INSURANCE MARKET OF KAZAKHSTAN ON NEW GLOBAL TRENDS

R.A. Abdyyeva  
«Turan» University  
Almaty, Kazakhstan

Today, the global economy faces various risks, which in most cases lead to significant losses. As a result of unfavorable incidents, accidents, actions of third parties, changes in market conditions, etc. economic losses caused by the current situation lead to the loss of several million tenge. Today, the transition of all sectors of the economy to market relations raises the position of insurance services in market relations to a higher level. Insurance is an important but less studied area of economics. Therefore, the main goal of the work is to analyze the current situation of the insurance market, study the mechanism of organizing the insurance industry in the country and determine its advantages. In accordance with this goal, the main task is to clarify the socio-economic significance of insurance financing in a competitive environment and its classification. The research materials used scientific works of scientists, regulatory documents of the Republic of Kazakhstan, scientific works of foreign and domestic authors. Research methods used: comparative analysis, statistical grouping of facts, analysis and synthesis. As a result of the study, despite the growth dynamics of the insurance market, the insurance market does not have a significant place in the economy and life of the people. Currently, the list of services in many insurance organizations remains limited.

**Keywords:** insurance, insurance premiums, insurance market, insurance companies.

Авторлар туралы мәлімет:

Абдыева Р.А. – докторант, Университет «Тұран», Алматы, Қазақстан. 22231087@turan-edu.kz  
ORCID 0000-0003-4882-7528